

А. О. Шакенов,
криминалистика және сот сараптамасы кафедрасының
бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция полковнигі;
А. Ж. Жүнісова,
криминалистика және сот сараптамасы кафедрасының
аға оқытушысы, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

САРАПШЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА БАҒА БЕРУ БАРЫСЫНДА ТЕРГЕУШІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Сараптама жүргізу кезінде тергеушілер үшін ең күрделі мәселелердің бірі болып сарапшы қорытындысына баға беру табылады. Зерттеу жүргізу барысында сарапшылар ғылыми және басқа да арнайы танымдарды пайдаланатындықтан, көбіне тергеушілер сарапшы қорытындыларына сынсыз қарап, істегі басқа да дәлелдемелердің алдында негізсіз оларға ерекше ілтипат білдіреді. Сарапшы қорытындысына деген ондай сенімшілік тергеу барысында орын алатын кейбір қателіктердің себебі ретінде жүреді. Сол себептен, сарапшы қорытындысына тергеушімен баға беруінде төмендегідей негізгі бағыттарды ескерген жөн:

а) сарапшы қорытындысына баға берудің жалпы қағидалары мен ерекшеліктеріне назар аудару;

ә) сарапшы қорытындысына қойылатын талаптарды орындауды өз тәжірибесінде талдаудан өткізу;

б) сарапшы қорытындысына баға беру әдістемесін меңгеру;

в) қылмыстарды тергеуде сарапшы қорытындысында көрсетілген шыншыл деректерді пайдалану.

Нақты қылмысты тергеуде заңдылық қатаң сақталып, істің мән-жайы толық, жан-жақты және шынайы зерттеліп, сондай-ақ әрбір құқық бұзушылықты жоюға бағытталған барлық заңда көрсетілген шараларды іске асыруда және бірқатар процессуалдық мәселелерді шешуде тергеуші нақты құзырларға ие. Ойдағыны өрбіте, елеулі екі мәселеге тоқталып өтсек. Біріншіден, кейінгі жылдары тергеу бөлімшелеріндегі кадрлық күш-қуаттың елеулі түрде жасарғаны байқалған, ал тәлімгерлік институты толық жұмыс жасамай, кейбір жерлерде мүлдем болмау нәтижесінде тәжірибелі мамандар мен жас буын арасындағы сабақтастық, мирасқорлық жоғалу үстінде тәрізді. Екіншіден, сараптама функциялары кезінде Әділет министрлігіне берілген. Осы күні, тергеушілер мен сарапшылардың әрекеттестігіне қатысты сұрақтар, біздің ойымызша әрі қарай жандандыруды талап ететін сияқты. Егерде, ведомстволық жоғары оқу орындарындағы білім беру дұрыс жолға қойылып және практикадағы тәлімгерлік институты толық жұмыс жасаса, тергеу мен сараптама бөлімшелері арасындағы өзара әрекеттесу мәселелерін елеулі түрде жетілдіретіндігінде күмән жоқ. Сондықтанда, сараптама жүргізу кезінде және оның қорытындысына баға берудегі тергеуші қызметінде ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық және техникалық сипаттағы шаралармен ерекше орын алады.

Сарапшы қорытындысына баға беру барысында тергеуші алдымен қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдемелерді бағалаудың жалпы қағидаларына аудару керек.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес, тергеуші заң мен құқықтық сана-сезімді басшылыққа ала отырып, барлық жағдайларды жан-жақты, толық және шынайы қарастыруға негізделген, іс бойынша жинақталған әрбір дәлелдемеге өзінің ішкі көзқарасына сәйкес баға береді. Ешбір дәлелдеменің алдын ала орнатылған, бекітілген күші болмау керек.

Аталмыш талаптар толығымен сарапшы қорытындысына да тиесілі. Іс бойынша тұжырым жасауға негіз болу үшін, әрбір мұндай қорытынды міндетті түрде тергеуші ішкі көзқарасы арқылы өтуі тиіс. Осыған орай, айта кететін бір жайт, кейбір тергеушілер қандай да бір сараптама тағайындай отырып, былайша көрсетеді: «... осы сараптама

қорытындысы іс бойынша негізгі, әрі шешуші дәлелдеме және қылмысты саралау осыған байланысты болады». Біздің ойымызша, дәлелдемелерді шешуші және қосымша, негізгі және негізгі емес деп ажыратуға болмайды. Процессуалдық тұрғыда барлық дәлелдемелер бірдей мағынада. Ал, нақты іске тиесілі нақты дәлелдемелердің маңыздылығына қатысты, олар алынған процессуалдық түпнұсқамен емес, тергеудегі қылмыс жағдайлары туралы хабарлардың растығымен, шыншылдығымен анықталады.

Әрине, тергеуші көбіне зерттеу барысында сарапшымен қолданылған арнайы таным мен әдістемелердің мәні жайлы жеткілікті түрде хабардар бола бермейді. Алайда, бұл мәселе сарапшы қорытындысына ғылыми негізделген баға беру мүмкіндігі мен қажеттілігінен айырмайды. Ол үшін тергеуші өз қарамағында әдістемелік және процессуалдық әдіс-тәсілдер бар екендігін түсініп, олардың ішінен төмендегілерді ажыратуға болады:

а) сараптама жүргізуге қатысты нұсқаулар мен ережелермен, сараптамалық әдістеме және ғылыми әдебиеттермен танысу;

ә) өзінің жалпы білім-біліктілік дайындығында криминалистика, сот медицинасы, сот психиатриясы (яғни, тергеуді қызықтыратын мәселелерді шешуге көбіне тартылатын білім салаларынан) білімдерінің негіздерін, сондай-ақ нақты сараптама түрлеріне баға берудегі жеке басының тәжірибесін пайдалану;

б) сарапшы қолданған зерттеу әдістерінің ғылыми негізділігіне қатысты мамандардан кеңес алу;

в) сарапшылардан жауап алу;

г) қосымша сараптамалар тағайындап-жүргізу;

ғ) қайталама сараптамалар тағайындап-жүргізу.

Аталмыш мүмкіндіктерді пайдалана отырып және істегі басқа да дәлелдемелерді сарапшымен анықталған шын мәніндегі деректермен салыстыра, сарапшы қорытындысына терең ұғынуда және оған дұрыс баға беруде тергеушінің толық мүмкіндігі бар.

Сарапшы қорытындысының дұрыстығы мен негізділігіне көзі жеткен соң, сарапшымен анықталған шын мәніндегі деректердің істегі басқа да дәлелдемелер арасында алатын орны мен рөлін анықтау қажет. Осы мәліметтер қылмысты тергеуде және іс бойынша тұжырым жасауда қалай пайдалануы мүмкін, соны шешу керек.

Тергеуші сараптамамен анықталған деректердің іске қатысы бар екендігін мойындап, олардың дәлелдемелік мағынасын ұғынған соң, тергеулік болжамдарды құрастыру, сараптама нәтижелерін айыпталушыға ұсыну ретін анықтау және одан жауап алу тактикасын әзірлеу, жаңа сараптамалар тағайындау, басқа да тергеу әрекеттерін жүргізу және т. б. іс-шараларды қарастырады. Бұл жерде айта кететін бір жайт, сарапшы қорытындысының зерттеулік бөлігін тыңғылықты талдаудан өткізу қажеттілігіне тергеуші назарын ерекше аударған жөн, себебі онда сарапшыға қойылған сұрақтарға тікелей қатысы жоқ бірқатар мәліметтер болуы мүмкін. Сол себептен олар қорытындыға енбей қалады, алайда, олар тергеудегі оқиғаның кейбір мән-жайын нақтылау тұрғысынан қарағанда елеулі болуы ықтимал.

Осылайша, сарапшы қорытындысына дұрыс баға беру және оның дәлелдемелік маңыздылығын ұғыну шеңберінде тергеуші өз қарамағындағы барлық күш-қуат жиынтығын қолдануы керек. Мұнда тергеуші сарапшы қорытындысын тым бағалаудан және де ондағы барлық мәліметтерді жеткіліксіз пайдаланудан өзін сақтандырған жөн. Қорытындылай келе, тергеудегі қылмыс мән-жайын айқындау мақсатында сарапшыларды жиі тартып, іс бойынша шындыққа жетуде әртүрлі сараптамалар мүмкіндігін шеберлікпен пайдалану қажет.